

ҚИЫН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДЕҢГЕЙІН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИАГНОСТИКАЛАУ НЕГІЗІНДЕ ҚАЙТА ТӘРБИЕЛЕУ ӘДІСТЕМЕСІН ӘЗІРЛЕУ

Нургали Мадина

Магистрант

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, «Жалпы педагогика және психология» кафедрасы, Шымкент/Қазақстан.

ORCID: 0009-0000-4921-9255, e-mail: madinoka.n@gmail.com

Аңдатпа

Бұл мақалада эмоционалды интеллект деңгейін педагогикалық тұрғыдан диагностикалау негізінде қиын жасөспірімдерді қайта тәрбиелеу әдістемесін әзірлеудің теориялық және практикалық аспектілері қарастырылады. Қиын жасөспірімдер тобына әлеуметтік бейімделуі төмен, эмоционалды тұрақсыз, девиантты мінез-құлыққа бейім, қарым-қатынас пен өз-өзін басқаруда қиындықтары бар жасөспірімдер жатады. Мұндай жасөспірімдермен жұмыс істеуде дәстүрлі тәрбиелік әдістердің нәтижесі шектеулі болып келеді. Сондықтан эмоционалды интеллектті қалыптастыруға негізделген жаңа педагогикалық тәсілдерді қолдану – олардың мінез-құлқын түзету мен қайта әлеуметтендірудің тиімді жолы ретінде ұсынылады. Зерттеу барысында эмоционалды интеллекттің құрылымдық компоненттері мен диагностикалық көрсеткіштері анықталып, қиын жасөспірімдердің эмоционалды жағдайына кешенді талдау жасалды. Тақырыптың өзектілігі аталған «қиын» жасөспірімдер тобында эмоционалды және мінез-құлықтық бұзылыстарды ерте кезеңде анықтаудың қажеттілігімен түсіндіріледі. Зерттеу аясында эмоционалды интеллект деңгейін бағалауға және эмоционалды саладағы негізгі проблемалық аймақтарды анықтауға бағытталған диагностикалық үдерістің әдістемелік негіздері ұсынылған. Педагогикалық диагностика нәтижелері негізінде түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулар мен практикалық ұсыныстар ұсынылды. Ұсынылған әдістеме қиын жасөспірімдердің эмоционалды өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға, қарым-қатынас орнату қабілетін жетілдіруге және жалпы тұлғалық даму деңгейін арттыруға бағытталған. Бұл бағыттағы жұмыс білім беру жүйесінде девиантты мінез-құлықтың алдын алу мен әлеуметтік бейімделуді қамтамасыз етуде маңызды орын алады.

Кілт сөздер: қиын жасөспірімдер, девиантты мінез-құлық, эмоционалды интеллект, педагогикалық диагностикалау, эмоционалды интеллектті қалыптастыру, қайта тәрбиелеу, түзету-дамыту жұмыстары.

	Received 09 June 2025. Accepted 26 June 2025.
<i>Corr. Author:</i>	Нургали М., e-mail: madinoka.n@gmail.com
<i>For citation:</i>	Nurgali M. (2025). Development of a Method of Re-Education of Difficult Youths Based on Pedagogical Diagnostics of the Level of Emotional Intelligence. <i>Ilim</i> 44(2). 88-115.

Kipicne

Бүгінгі таңда Қазақстандық білім беру жүйесіндегі реформалау мектептегі педагогикалық процестің субъектілерінің іс-әрекетін педагогикалық сүйемелдеуді қажет етеді. Қоғамның қарқынды дамуы, цифрландыру, қазіргі отбасының әлеуметтік-экономикалық проблемалар баланың әлеуметтік қарым-қатынастарында қиындықтар туындатады.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз баяндамаларында жастарды артық саясиланудан және қажетсіз эмоциялардан ада етіп тәрбиелеудің маңыздылығын бірнеше рет атап өтті. Атап айтқанда мемлекет басшысы, 2024 жылғы 25 сәуірде Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясында: «Өсіп келе жатқан ұрпақтың дүниетанымы тарихи жаралар мен реніштерден, догматизм мен көнерген мәдени стереотиптерден ада болуы тиіс. Жастардың дүниетанымы еліміздің өткеніне, бүгініне және болашағына деген объективті көзқарасқа негізделіп, оны біртұтас ұлттың бөлінбейтін ортақ байлығы ретінде қабылдауы маңызды. Бұл көзқарас саясиланусыз және қажетсіз эмоциясыз қалыптасуы керек» деп атап өтті.

Президент сондай-ақ әлеуметтік желілердің балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеуге әсері туралы алаңдаушылығын білдірді. 2023 жылғы 17 маусымда өткен Ұлттық құрылтай отырысында ол былай деді:

«Ашық айтуымыз керек: қазіргі таңда балалар мен жасөспірімдер, шын мәнінде, әлеуметтік желілер арқылы тәрбиеленуде. Егер біз оларды дұрыс жолға бағыттамасақ, оларға жөн сілтемесек – бұл өте қауіпті үрдіске айналуы мүмкін».

Қазіргі жаһандық өзгерістер мен әлеуметтік қарым-қатынастардың күрделенуі кезінде эмоционалды интеллект жоғары бағаланатын маңызды қабілетке айналды. Әлеуметтік, отбасылық немесе мектепшілік факторлардың әсерінен эмоционалды тұрақсыздыққа ұшырайтын жасөспірімдердің саны артуда. Сондықтан олардың эмоционалды интеллектін қалыптастыру арқылы мінез-құлқындағы теріс үрдістерді өзгерту қажеттілігі туындайды.

Қиын жасөспірімдерге дер кезінде психологиялық қолдау көрсету олардың қоғамдағы орны мен өзіндік бағасын қалыптастыруға оң ықпал етеді. Эмоционалды интеллектті қалыптастырудың ғылыми негізделген әдістемелері осы қолдауды тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Эмоционалды интеллектті қалыптастыру олардың өзін-өзі тануына, стрессті басқаруға, сындарлы қарым-қатынас құруға және эмоцияларын реттеуге септігін тигізеді. Бұл дағдылардың барлығы жасөспірімдердің әлеуметтік ортада бейімделуіне, тұлғалық және кәсіби жетістікке жетуіне ықпал етеді.

Жасөспірімдік шақ – бұл адамның тұлғалық қалыптасуының маңызды кезеңі, эмоционалды тұрақсыздықтың жоғары болатын уақыты. Осы кезеңде олардың әлеуметтік және тұлғалық дамуында маңызды рөл атқаратын эмоционалды интеллектті қалыптастыру қажеттілігі өзекті. Қиын жасөспірімдер жиі агрессия, оқшаулану немесе әлеуметтік мәселелерге бейім болады. Эмоционалды интеллект

олардың осы қиындықтарды жеңіп, өз сезімдерін дұрыс түсінуге және басқалардың эмоцияларына жауап беруге көмектеседі. Бүгінгі қоғамда әлеуметтік және эмоционалды дағдылардың маңызы артып келеді. Эмоционалды интеллектті өзінде қалыптастырған жасөспірімдер болашақта қоғамда табысты болуға және өзара қарым-қатынасты жақсартуға қабілетті болады. Жасөспірімдер арасындағы эмоционалды интеллектті зерттеу, оны қалыптастыру жұмыстары бойынша ғылыми негізделген бағдарламаларды әзірлеу және оларды педагогикалық тәжірибеге енгізу білім беру және педагогика салалары үшін өте маңызды. Бұл зерттеу жұмысы эмоционалды интеллект пен қиын жасөспірімдерде эмоционалды интеллектті қалыптастыру мәселесін екі жыл бойы зерттеу нәтижесінде әзірленген.

Әдебиеттік шолу

Эмоционалды интеллект тақырыбы аясында зерттеулердің теориялық негізін салған ғалымдар, атап айтқанда, Р. Бар-Он (Bar-On 1997: 10-15), М.А. Манойлова (2020: 60), Андреева И.Н. (2007: 57-65), Д.А. Келли (2000: 249), Б.В. Зейгарник (1986: 22), О.К. Тихомиро (2007: 287), С.Л. Рубинштейн (2012: 705), В.Д. Шадриков (2002: 58) және адам өмірінде кездесетін эмоциялардың сипаттамасы мен алуантүрлілігі туралы зерттеулерде елеулі еңбек қалдырғандар Д. Карузо (2004: 150-190), А.А. Панкратова (2010: 114-150), Г.Г. Гарскова (1999: 25-35), Д.В. Люсин (2013: 29-36), Д.В. Ушаков (2004: 11-28) және т.б. болды. Эмоционалды құзыреттілік түсігінің дамуына үлес қосқан ғалымдардың қатарына Дж. Барисо (2019: 150), Д. Гоулман (2011: 240-271), М. Зайднер (2003:114-210), Н.С. Шутте (2001: 210-230), Г.В. Юсупова (2006: 3-20), Т.В. Корнилова (2009: 61-71) және Э.В. Леус (2012:268-277) және т.б. жатқызамыз.

Қазақстандық ғалымдардың эмоционалды интеллект тақырыбы бойынша зерттеулері тар бағыттағы сипатқа ие, дегенімен М.Л. Мельникова (2015: 220-224), А.М. Кустубаева (Кустубаева және Багаева 2016:1-6) әртүрлі тұлғалардағы эмоционалды интеллекттің бастапқы деңгейін зерттеді. Эмоционалды интеллекттің мазмұны мен құрылымын Л.О. Сарсенбаева (2019: 114-210), З.Б. Мадалиева (2020: 91-95), Қ.Ж. Қожахметова (1998: 310) зерттеген. Сондай-ақ, зерттеуші Д.Б. Ахметова (2021: 112-117), Б.Д. Байтукбаева (2022: 78-84), С.Ж. Зейнолла, Г.Г. Балакаева, Г.К. Ахметова әзірлеген «Білім беру ортасы субъектілерінің эмоционалды зияткерлігін дамыту мәселелері» және авторлары С.П. Садуова, А.А. Толегенова, Н.Қ. Тоқсанбаева «Эмоционалды интеллект және көшбасшылық арасындағы байланыс» тақырыбындағы ғылыми мақалалары бар.

Қиын жасөспірімдердің эмоционалды интеллектін қалыптастырудың психологиялық ерекшеліктерін зерттеу қазіргі педагогика ғылымында өзекті салалардың бірі болып табылады. Бұл саладағы ғылыми зерттеулер жасөспірімдердің мінез-құлқындағы өзгерістерді түсінуге, олармен тиімді жұмыс істеу әдістемелерін құруға негіз болады.

Осылайша, бұл тақырып қоғамдағы маңызды әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған ғылыми және практикалық маңыздылығын одан әрі арттыра түседі.

Зерттеудің мақсаты: Қиын жасөспірімдердің эмоционалды интеллектін қалыптастырудың психологиялық ерекшеліктерін айқындау негізінде оларды қайта тәрбиелеудің практикалық тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде дәлелдеу.

Зерттеудің міндеттері:

1. Қиын жасөспірімдердің эмоционалды интеллектін қалыптастыру арқылы тәрбиелеу мәселесінің теориялық негіздерін анықтау.

2. Қиын жасөспірімдердің эмоционалды интеллектін қалыптастырудың теориялық моделін әзірлеу және негіздеу.

3. Қиын жасөспірімдердің эмоционалды интеллектінің деңгейін педагогикалық диагностикалау негізінде қайта тәрбиелеу әдістемесін әзірлеу.

4. Қиын жасөспірімдердің эмоционалды интеллектін қалыптастыру арқылы қайта тәрбиелеудің тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде дәлелдеу.

Зерттеудің жетекші идеясы – қиын жасөспірімдердің эмоционалды интеллектін қалыптастыру олардың тұлғалық өсуіне, әлеуметтік бейімделуіне және жағымды мінез-құлық қалыптастыруына ықпал ететін маңызды психологиялық фактор ретінде девиантты мінез-құлықты жасөспірімдерді қайта тәрбиелеудің тиімді педагогикалық-психологиялық тетігі. Эмоционалды интеллектті мақсатты түрде қалыптастыру арқылы жасөспірімдердің өзін-өзі тану, эмоцияларын басқару, эмпатия және тиімді қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру, сондықтан агрессия деңгейін төмендетуге, стресске төзімділігін арттыруға және қоршаған ортамен үйлесімді қарым-қатынас орнатуына көмектеседі.

Материалдар мен әдістер.

Зерттеу әдістері жалпы ғылыми әдістер – талдау, анализ, синтез, жалпылау; теориялық әдістер – педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік әдебиеттерді талдау, эмоционалды интеллект теорияларына салыстырмалы талдау, қиын жасөспірімдер психологиясына қатысты еңбектерге шолу жасау; эмпирикалық әдістер – бақылау, сұхбат және әңгімелесу, сауалнама және тестілеу; математикалық-статистикалық әдістер – зерттеу нәтижелеріне сандық өңдеу мен мәліметтерге талдау жүргізу пайдаланылды. Психодиагностикалық әдістемелер (Н. Холлдың «Эмоционалды интеллектті анықтау тесті» бейімделген нұсқасы).

Зерттеудің дереккөздері: эмоционалды интеллект теориясына арналған классикалық және заманауи ғылыми еңбектер; жасөспірім психологиясы мен дамуы туралы ғылыми зерттеулер; қиын жасөспірімдердің девиантты мінез-құлық мен әлеуметтік бейімделуі туралы еңбектер; Қазақстан Республикасының білім беру және педагогикалық қызмет көрсету саласындағы заңдары мен мемлекеттік стандарттары; ҚР Білім және ғылым министрлігінің жасөспірімдерді педагогикалық қолдау және девиантты мінез-құлықтың алдын алу жөніндегі бағдарламалары; Халықаралық психологиялық ұйымдардың эмоционалды интеллект пен балалардың әлеуметтік

дамуы бойынша ұсынымдары; магистрант жүргізген тәжірибелік-эксперимент жұмысының материалдары.

Зерттеу кезеңдері:

Бірінші кезеңде (2023 ж. екінші жартысы – 2024 ж. бірінші жартысы) қоғамдағы қиын жасөспірімдердің эмоционалды интеллектін қалыптастыру мәселелеріне арналған педагогикалық психологиялық, философиялық, ғылыми-әдістемелік, оқу және арнаулы әдебиеттерге талдау жүргізілді. Проблематиканың маңыздылығы, оның ерекшеліктері, осы тақырып аясындағы әртүрлі көзқарастардың сипаттамалары, сондай-ақ оның бүгінгі таңда шешілу жолдары қарастырылды.

Екінші кезеңде (2024 ж. екінші жартысы – 2025 ж. бірінші жартысы) қиын жасөспірімдердің эмоционалды интеллектін қалыптастырудың педагогикалық және психологиялық ерекшеліктері анықталды және негізделді. Қиын жасөспірімдердің эмоционалды интеллектін қалыптастырудың мазмұны мен әдістемесі әзірленді. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс бағдарламасы құрылып, зерттеу барысында жасалынған қиын жасөспірімдердің эмоционалды интеллектін қалыптастырудың әдістемесі тәжірибелік-эксперимент жолымен сынақтан өткізілді.

Үшінші кезеңде (2025 ж. бірінші жартысы) теориялық білім мен эксперимент нәтижелерін, алынған ақпараттық ресурстарды талдау, зерделеу және сараптау арқылы зерттеу жұмысын бір жүйеге келтіріп, ғылыми талап пен ережелерге сай рәсімделді. Қиын жасөспірімдердің эмоционалды интеллектін қалыптастыру бойынша теориялық және тәжірибелік зерттеулер арқылы алынған негізгі нәтижелерді мектептер мен арнайы инклюзивті білім беру мекемелерінде қиын жасөспірімдермен психокоррекциялық жұмыстары барысында қолдануға ұсыныстар мен нұсқаулықтар әзірленді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі:

– қиын жасөспірімдердің эмоционалды интеллектін қалыптастырудың мәні мен психологиялық ерекшеліктері анықталып, оларды қалыптастыруға ықпал ететін негізгі педагогикалық- психологиялық факторлар айқындалды;

– қиын жасөспірімдердің эмоционалды интеллектін қалыптастыру арқылы олардың агрессия деңгейін төмендету, стресске төзімділігін арттыру және қарым-қатынас дағдыларын жетілдірудің мүмкіндігі анықталып, дәлелденді;

– қиын жасөспірімдердің эмоционалды интеллектін қалыптастырудың теориялық моделін әзірленіп, негізделді;

– қиын жасөспірімдердің эмоционалды интеллектін қалыптастыру арқылы қайта тәрбиелеудің әдістемесін әзірліп, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде дәлелденді.

Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы: зерттеу барысында әзірленген және сынақтан өткен қиын жасөспірімдердің эмоционалды интеллектін қалыптастырудың бағдарламасы, сондай-ақ эмоционалды интеллектін қалыптастыру арқылы қиын жасөспірімдерді қайта тәрбиелеудің әдістемесі жасөспірімдердің өзін-өзі тану, эмоцияларын басқару, эмпатия және қарым-қатынас дағдыларын

жетілдіруге бағытталған және жалпы білім беру, арнайы түзету мекемелерінің тәрбиелеу практикасында пайдаланылуы мүмкін.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

– Қиын жасөспірімдердің эмоционалды интеллектінің дамуы олардың психологиялық және әлеуметтік бейімделуінде маңызды рөл атқарады. Эмоционалды интеллекттің жоғары деңгейі қиын жасөспірімдердің агрессиясын төмендетіп, стресске төзімділігін арттырады және олардың әлеуметтік ортамен тиімді қарым-қатынас жасауына ықпал етеді;

– қиын жасөспірімдердің эмоционалды интеллектін қалыптастырудың моделі жасөспірімнің эмоционалды саласын қалыптастырудың мақсаты, міндеттері, бағыттары, тәсілдері, ұстанымдары, әдістері мен құралдары, күтілетін нәтижелерін қамтиды;

– қиын жасөспірімдердің эмоционалды интеллектін қалыптастыруда жеке тұлғалық-бағдарлы, іс-әрекеттік және когнитивті-эмоционалды тәсілдерді қолдану тиімді болып табылады. Бұл тәсілдер жасөспірімдердің эмоционалды және когнитивті дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі, олардың өзін-өзі тануы мен өзін-өзі реттеу қабілетін күшейтеді.

– қиын жасөспірімдердің эмоционалды интеллектін қалыптастыру педагогикалық-психологиялық диагностикалау нәтижелеріне негізделетін қайта тәрбиелеудің арнайы педагогикалық әдістер мен бағдарламалары арқылы мүмкін болады. Олардың эмоцияларды тану, түсіну, реттеу және эмпатия дағдыларын жетілдіруге бағытталған психологиялық түзету-дамыту жұмыстары мінез-құлық мәселелерін жеңілдетеді.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі: зерттеу жұмысы С.Л. Рубинштейн, Н.С. Шутте, Д. Карузо, П. Саловой, Д. Гоулман, З.Б. Мадалиева, Қ.Ж. Қожахметова, Г.К. Ахметова сынды отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сүйеніп жүргізілді. Атап айтқанда, қолданыған тәсілдер негізделді, эмпирикалық деректердің репрезентативтілігі, жүйелілігі мен логикасы айқындалды. Зерттеу барысында дайындалған түзету-дамыту бағдарламалары білім беру және психологиялық кеңес беру тәжірибесінде қолданыс тауып, олардың тиімділігі нақты мысалдармен дәлелденді.

Нәтиже мен талдау

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу мен іс-тәжірибеге енгізу: зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу барысында оның тиімділігін анықтау үшін пилоттық зерттеу жүргізу, бақылау және эксперименттік топтармен салыстыру, диагностикалық құралдарды пайдалану және психологиялық тренингтер мен жаттығуларды өткізу әдістерін қолдануға болады. Пилоттық зерттеу жүргізу деп шағын топтағы қиын жасөспірімдермен (мектеп, арнайы мекемелер, оңалту орталықтары) сынақтан өткізуді айтамыз. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері тиімділігін көрсеткен жағдайда, оларды білім беру жүйесіне енгізу, педагогикалық

қызметтерде қолдану, мұғалімдер мен ата-аналарды оқыту және бағдарламаны жетілдіру және кеңейту секілді жолдармен енгізуге болады.

Жасөспірімдік кезең – адамның психоэмоционалды дамуындағы ең күрделі және қарама-қайшылыққа толы кезеңдердің бірі. Бұл уақытта тұлғалық өзіндік сана-сезім белсенді қалыптасып, жасөспірім өзін дербес әрі ересек адам ретінде сезіне бастайды. Осы өзгерістер нәтижесінде ата-ананың беделі мен ықпалы бұрынғыдай маңызды болмай қалады (Андреева 2007:59). Жасөспірімдер отбасыдан белгілі бір дәрежеде алшақтап, өз ортасындағы құрдастарымен қарым-қатынасқа көбірек мән береді. Қазіргі заманда бұл үрдіс әлеуметтік желілер арқылы тіпті күшейе түсті. Виртуалды кеңістіктегі белсенділік пен құрдастар ортасындағы ықпал жасөспірімдердің дүниетанымына, эмоционалды қабылдауы мен мінез-құлықтық реакцияларына айтарлықтай әсер етеді. Соның салдарынан олар ата-аналарымен және отбасының басқа мүшелерімен ашық, сенімді диалог құрудан қашқақтап, эмоционалды байланыстар әлсірей бастайды. Бұл жағдай жасөспірімдердің ішкі күйзелістерін тереңдетіп, әлеуметтік және эмоционалды дағдыларды қалыптастыруда қиындықтар туғызуы мүмкін. Қиын жасөспірімдердің эмоционалды интеллектін қалыптастырудың теориялық моделі деп олардың эмоционалды және әлеуметтік дамуындағы ерекшеліктерді ескере отырып, эмоционалды интеллектті жүйелі түрде қалыптастыруға бағытталған ғылыми-теориялық негізделген құрылым.

Мұндай модель бірнеше негізгі компоненттерден құралған. Модель құрудың мақсаты қиын жасөспірімдердің эмоционалды интеллектін қалыптастыру арқылы олардың мінез-құлқындағы девиантты (ауытқыған) әрекеттерді төмендету және әлеуметтену үдерісін тиімді ету. Модель Даниел Гоулманның ЭИ моделі (эмоцияны тану, басқару, өзін және басқаларды түсіну); салауатты тұлғаның дамуы теориясы; қиын жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктері туралы теорияларына сүйенеді. Эмоционалды интеллектті қалыптастырудың моделі эмоционалды тұрақсыз, өз-өзіне сенімсіз, агрессивтілікке, қарсылыққа бейім, әлеуметтік нормаларға бейімделуі төмен, тұлғалық дамуы мен әлеуметтену деңгейі жеткіліксіз мақсатты топ сипаттамасына сәйкес жасөспірімдерге арнайы құрастырылған.

Модельге енгізілетін эмоционалды интеллект құрылымы бірнеше компоненттерден тұрады. Ең алдымен эмоцияны тану барысында жасөспірім өз эмоциясын және басқалардың эмоциясын ажырата білуі тиіс. Эмоцияны басқару дағдысы арқылы агрессия, реніш, уайым сияқты сезімдерді бақылау қабілетіне ие бола алады.

Өзін-өзі мотивациялау кезінде ішкі ынтаны қалыптастыру, өзін шабыттандыру сияқты өзін-өзі жігерлендіру инструменттері дамиды. Эмпатия мен әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру барысында басқалардың сезімін түсіну және көңіл бөлу, сонымен қатар қарым-қатынас құру, қақтығыстарды шешу қабілеттерін меңгеруі қажет. Эмоционалды интеллект деңгейі мен тұлғалық ерекшеліктерді анықтау және қалыптастыру үдерісі бірнеше негізгі кезеңдерден тұрады:

1. Диагностикалық кезең. Бұл кезеңде зерттелушінің эмоционалды интеллект деңгейі мен тұлғалық-психологиялық ерекшеліктері анықталады. Арнайы психодиагностикалық әдістемелер мен сауалнамалар қолданылады. Аталған мәліметтер кейінгі кезеңдерде жеке даму траекториясын қалыптастыруда негіз болады.

2. Мақсат қою және бағдар беру кезеңі. Диагностикалық деректер негізінде зерттелушінің жеке даму бағыттары айқындалады. Бұл кезеңде нақты мақсаттар қойылып, эмоционалды және тұлғалық даму жолдары белгіленеді. Жеке тұлғаның әлеуетін ескере отырып, педагогикалық-психологиялық қолдау стратегиясы анықталады.

3. Дамытушы жұмыс кезеңі. Эмоционалды интеллектті қалыптастыруға бағытталған түрлі практикалық әдістер қолданылады. Олардың қатарында психологиялық тренингтер, арт-терапия элементтері, рөлдік ойындар, коучингтік сессиялар және басқа да интерактивті әдістемелер бар. Бұл кезең тұлғаның өзін-өзі тануын, эмоцияларды басқару қабілетін және әлеуметтік дағдыларын жетілдіруге бағытталған.

4. Нәтижелерді бағалау және түзету кезеңі. Бұл кезеңде қайта диагностика жүргізіліп, бастапқы және қорытынды көрсеткіштер салыстырылады. Алынған нәтижелер негізінде даму динамикасы анықталады, қажет болған жағдайда қосымша түзету жұмыстары жүргізіледі.

Эмоционалды интеллектті қалыптастыру және тұлғаның ішкі әлеуетін арттыру мақсатында зерттеу барысында бірқатар тиімді психологиялық әдіс-тәсілдер қолданылды. Аталған әдістер тұлғаның өзін-өзі тануын тереңдетуге, қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруге және эмоционалды тұрақтылығын арттыруға бағытталған (Байтукбаева 2022: 80).

Алдымен, психологиялық тренингтер жүргізілді. Бұл тренингтер тұлғаның өзін-өзі тану қабілетін дамытуға, өз эмоцияларын түсіну және басқару машықтарын жетілдіруге, сондай-ақ ашық әрі сенімді қарым-қатынас орнатуға ықпал етті.

Екінші бағыт ретінде арт-терапиялық әдістер қолданылды. Олардың ішінде сурет салу, бейнелеу өнері және драмалық элементтерді қолдану арқылы тұлғаның ішкі сезімдерін сыртқа шығарып, терең психоэмоционалды күйін түсінуге мүмкіндік жасалды. Арт-терапия қатысушылардың шығармашылық әлеуетін ашуға және эмоционалды күйін реттеуге бағытталды. Сондай-ақ, рөлдік ойындар әдісі арқылы тұлғаның әртүрлі әлеуметтік жағдаяттарда өзін ұстау стилі мен эмоционалды реакциялары зерттелді. Бұл әдіс тұлғаның әлеуметтік интеллектін қалыптастыруға және өмірлік жағдайларды модельдеуге мүмкіндік берді.

Топтық жұмыс пен рефлексия әдістері арқылы қатысушылар арасында өзара әрекеттесу процесі ұйымдастырылып, әрбір қатысушының топ ішіндегі орны мен рөлі анықталды. Сонымен қатар, рефлексия арқылы қатысушылар өз тәжірибесін зерделеп, эмоционалды реакцияларына саналы түрде баға беруге үйренді (Панкратова 2010: 128). Соңғы кезеңде психокоррекциялық жаттығулар орындалды.

Бұл жаттығулар эмоционалды тепе-теңдікті сақтау, ішкі күйзеліс деңгейін төмендету, өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру бағытында жүргізілді.

Жоғарыда аталған әдіс-тәсілдердің әрқайсысы зерттеу мақсатына сәйкес жүйелі түрде ұйымдастырылып, қатысушылардың тұлғалық және эмоционалды дамуына оң әсерін тигізді. Зерттеу барысында қолданылған педагогикалық-психологиялық әдістер кешені негізінде келесі нәтижелерге қол жеткізу күтіледі:

Біріншіден, қатысушылардың эмоцияларды дұрыс тану және басқару дағдылары қалыптасады. Бұл тұлғаның өз эмоционалды жағдайын саналы түрде бақылап, оны реттей білу қабілетінің артуына мүмкіндік береді. Эмоционалды өзін-өзі реттеу дағдылары тұлғалық және кәсіби даму үшін маңызды фактор болып табылады.

Екіншіден, қарым-қатынас мәдениеті дами түседі. Қатысушылардың вербалды және вербалды емес қарым-қатынас дағдылары жетіліп, ашық, сенімді әрі конструктивті қатынас орнату мүмкіндігі артады. Бұл өз кезегінде әлеуметтік ортада тиімді әрекеттесуді қамтамасыз етеді.

Үшіншіден, агрессиялық мінез-құлық пен ішкі психологиялық шиеленіс деңгейі төмендейді. Эмоционалды тепе-теңдік пен өзін-өзі реттеу механизмдерінің дамуы тұлғаның ішкі үйлесіміне әсер етіп, деструктивті реакциялардың алдын алуға септігін тигізеді.

Төртіншіден, қоғамдық ортаға бейімделу қабілеті жақсарады. Жеке тұлғаның әлеуметтік қарым-қатынас дағдылары нығайып, топтық әрекетке тиімді араласуы қамтамасыз етіледі. Бұл әсіресе ұжымдық жұмыс, білім беру, кәсіби ортада маңызды рөл атқарады.

Жалпы алғанда, ұсынылған жұмыс әдістерінің жүйелі түрде қолданылуы арқылы мақсатты зерттелушілердің эмоционалды интеллект деңгейі мен тұлғалық әлеуетінің едәуір жоғарылауы күтіледі. Ұсынылып отырған қиын жасөспірімдердің эмоционалды интеллекттің қалыптастырудың теориялық моделі тәрбиелік әсерлерге қиын бейімделетін оқушыларды қайта тәрбиелеуде олардың эмоционалды интеллектін қалыптастыру мүмкіндіктерін пайдалануды жүзеге асыратын педагогикалық процесті бейнелейтін құрылым болып табылады.

Қиын жасөспірімдердің эмоционалды интеллектісін (ЭИ) қалыптастыру – тәрбиесі қиын балалардың тұлғалық дамуы мен әлеуметтік бейімделуіне үлкен әсер ететін күрделі процесс. Эмоционалды интеллектті қалыптастыруға бағытталған теориялық модель бірнеше педагогикалық және психологиялық теорияларға сүйенеді. Төменде ұсынылатын теориялық модель негізгі төрт компонентке негізделеді. Атап айтқанда:

- қиын жасөспірімдерді тәрбиелеудің педагогикалық және психологиялық теориялары мен тұжырымдамалары;
- Д.Гоулманның ЭИ теориясы – эмоцияларды тану, түсіну және басқару қабілеті;
- Салауатты тұлғаның даму теориясы – тұлғалық өсу, өзін-өзі қабылдау;

– әлеуметтік оқыту теориясы – үлгі арқылы үйрену, эмоцияны реттеу әлеуметтік орта арқылы дамиды.

Мақсат: қиын жасөсірімдерді эмоционалды интеллектін қалыптастыру арқылы тәрбиелеу.

Қиын жасөсірімдердің эмоционалды интеллектін қалыптастыру арқылы тәрбиелеудің алгоритмі мына қадамдардан тұрады:

- 1) Жасөсірімдер арасында тәрбиесі қиын балаларды анықтау.
- 2) Тәрбиесі қиын балалардың эмоционалды интеллектінің бастапқы деңгейін (қалыптасуы дәрежесін) анықтау.

3) Мұғалімдер мен мектеп психологтарын қиын жасөсірімдердің эмоционалды интеллектін педагогикалық- психологиялық диагностикалау және қалыптастыруға даярлау.

4) Тәрбиесі қиын балалардың эмоционалды интеллектін қалыптастырудың педагогикалық- психологиялық әдістері кешенін пайдалану (психокоррекциялық, тәрбиелік жұмыстар).


5) Тәрбиесі қиын балалардың эмоционалды интеллектін қалыптастыру әдістерін пайдаланудың тиімділігін өлшеу (критерийлер және өлшемдер, педагогикалық- психологиялық зерттеу әдістері мен әдістемелері көмегімен).

6) Тәрбиесі қиын балалардың эмоционалды интеллектін қалыптастырудағы оң өзгерістерді сандық және сапалық талдау, қорытындылау (Леус 2012: 268).

Тәрбиесі қиын балалардың эмоционалды интеллектін қалыптастыру процесі, негізінен төрт негізгі блоктан тұрады:

1. Эмоцияны тану (интраперсоналды қабілет) дағдыларын қалыптастыру.
 - Өз эмоциясын ажырата білу.
 - Эмоционалды сөздік қорды дамыту.
 - Өзін-өзі тануға бағытталған тапсырмалар (рефлексия, күнделік жүргізу).
2. Эмоцияны басқару дағдыларын қалыптастыру.
 - Агрессия мен фрустрацияны реттеу тәсілдерін үйрету.
 - Стресті басқару әдістері (релаксация, тыныс алу жаттығулары).
 - Психологиялық тренингтер арқылы өзін-өзі реттеуге дағдыландыру
3. Эмпатия және әлеуметтік танымға баулу:
 - Басқа адамдардың эмоциясын тану.
 - Эмпатиялық әңгімелер, рольдік ойындар.
 - Қақтығысты шешу дағдылары.
4. Әлеуметтік мен қарым-қатынас дағдылаын қалыптастыру.
 - қарым-қатынас мәдениеті.
 - коммуникативтік жаттығулар, топтық жұмыс.
 - лидерлік және ынтымақтастық дағдылары.

Нәтижесі: қиын жасөсірімдердің эмоционалды интеллекті дамиған тәрбиелі жасөсірімдерге айналуы (Сурет 1).



1-сурет. Қиын жасөспірімдердің эмоционалды интеллектін қалыптастырудың теориялық моделі.

Жалпы, қиын жасөспірімдердің эмоционалды интеллектін қалыптастырудың теориялық моделі тәрбиесі қиын балалармен олардың ЭИ-ін қалыптастыру арқылы қайта тәрбиелеудің әдістемесін әзірлеуге негіз болып табылады. Зерттеу жұмысымың келесі бөлімінде қиын жасөспірімдердің эмоционалды интеллектін қалыптастыру арқылы қайта тәрбиелеудің тәжірибелік-эксперименттік аспектілері қарастырылады.

Эмоционалды интеллектті диагностикалаудың теориялық негізі тұлғаның психикалық дамуының, әсіресе жасөспірім кезеңдегі маңызды құрамдас бөлігі екенін мойындауға сүйенеді. Бұл жас кезеңі — өзіндік сананың, эмоционалды тұрақтылықтың және әлеуметтік дағдылардың қалыптасу уақыты. ЭИ деңгейі жасөспірімнің әлеуметтік адаптациялану дәрежесін, оның эмпатия, рефлексия және кекілжің жағдайларда рационалды мінез-құлық таныту қабілетін айқындайды (Андреева, 2006:83).

Эмоционалды интеллектті диагностикалау эмоционалды-ерік аясында саңылаулары бар, өзін-өзі басқару деңгейі төмен, алаңдаушылық, мазасыздық және агрессия ишалары жоғары «қиын» жасөспірімдермен жұмыс істеуде ерекше мәнге ие. Диагностиканың теориялық негізі ЭИ-і когнитивтік, мінез-құлықтық және аффективтік компоненттерден тұратын көпдеңгейлі кешенді құрылым ретінде қарастыруға негізделеді. ЭИ деңгейін тиімді анықтау жасөспірім жастағы тұлғаның өзекті және қабілеттерінің даму аймағын айқындауға мүмкіндік береді әрі тұлғаның жеке түзету-дамыту бағдарламаларын құрастыруда тірек бола алады. Осылайша, ЭИ диагностикасы — мінез-құлқы мен қарым-қатынаста қиындықтары бар жасөспірімдерге педагогикалық-психологиялық мүйемелдеу жүйесіндегі маңызды инструмент.

Жасөспірім жастағы балалармен жүргізілетін психолого-педагогикалық жұмыс жүйесінде мінез-құлқы тұрақты түрде ауытқитын, әлеуметтік және эмоционалды бейімделуінде шиеленістері бар тұлғаның тәуелсіз ойлауын, ішкі еркіндігін, сыртқы қысымға мойымайтын мінез-құлық — қиын жасөспірімдер бүгінгі күні маңызы зор зерттеу нысанына айналып отыр.

Әлеуметтік, қоғамдық моральдық өлшемдерден ауытқу және педагогикалық ықпалға наразылық таныту, алаңдаушылық пен агрессия, асоциалды әрекеттер мен тұйықтық сияқты белгілер олардың мінез-құлқында жиі байқалады. Мұндай мінез-құлық түрлері жеке тұлғаның ішкі дамуындағы және оны қоршаған әлеуметтік ортаның әсерінен туындайтын күрделі себептердің нәтижесі болып табылады.

Қиын жасөспірімдердің эмоционалды-ерік саласындағы ауытқулар, өзін-өзі реттеу дағдыларының жеткіліксіздігі, төмен өзіндік баға мен ішкі тұрақсыздықтары олардың тұлғалық дамуындағы күрделі мәселелерді көрсетеді. Мұндай жасөспірімдер жиі өз мүмкіндіктері мен шекараларын бұрмаланған түрде қабылдайды, бұл өз кезегінде бейімделмеген мінез-құлық реакцияларына әкеледі.

Олардың мінез-құлқы демонстративті, қарсылықты немесе пассивті-оқшауланған түрде көрініс беруі мүмкін. Көп жағдайда сыртқы агрессия немесе немқұрайлылық ішкі жан күйзелісін, қорғансыздықты және түсінілуге деген терең қажеттілікті бүркемелейді (Гарскова 1999:25).

Қиын жасөспірімдердің мінез-құлқының қалыптасуына әсер ететін факторлар кешені – биологиялық, психологиялық және әлеуметтік деңгейлерде әрекет етеді. Девиантты мінез-құлықтың негізгі себептеріне дисфункционалды отбасылық жағдайлар (гиперқамқорлық, гипоқамқорлық, зорлық-зомбылық, эмоционалды байланыстың болмауы), педагогикалық қараусыздық пен әлеуметтік қолайсыз орта жатады. Сонымен қатар, жасөспірім кезеңіне тән дағдарыстық тұлғалық өзгерістер де мінез-құлықтағы ауытқуларды күшейтеді (Байков 2002:224).

Психолого-педагогикалық тұрғыда қиын жасөспірімдердің жеке-дара ерекшеліктерін зерттеу аса маңызды. Мотивация ерекшеліктері, эмоцияларға жауап беру формалары, аландаушылық пен агрессия деңгейі, эмпатия мен рефлексия қабілеттері – бұл олардың мінез-құлқын түсіну мен түзетуге бағытталған тиімді жұмыс жасау үшін зерттелуі қажет эмоциялар мен көрсеткіштер. Мұндай зерттеу нәтижелері жасөспірімдермен жүргізілетін түзету-дамыту жұмыстарының тиімділігін арттыруға оң әсерін тигізеді (Зейгарник 1986: 286).

Қиын жасөспірімдердің мінез-құлық ерекшеліктерін кешенді психолого-педагогикалық тұрғыда зерделеу олардың ішкі қайшылықтарын, әлеуметтік бейімделудегі проблемаларын шешуге жол ашады. Эмоционалды интеллектті қалыптастыру, өзін-өзі реттеу дағдыларын жетілдіру және әлеуметтік әрекеттестік сапасын арттыру – диагностикалық және түзету жұмыстарының басты мақсаты болуы тиіс (Векслер 1958:45-74). Осыған орай, қиын жасөспірімдермен жүргізілетін мақсатты әрі жүйелі психолого-педагогикалық қолдау олардың тұлғалық дамуын оң арнаға бағыттауға мүмкіндік береді.

Қиын жасөспірімдер арасында эмоционалды интеллект деңгейін диагностикалау бірқатар өзекті ғылыми-практикалық мақсаттарды көздейді:

Эмоционалды және әлеуметтік құзыреттіліктер деңгейін анықтау. Диагностикалық бақылау жасөспірімнің өз эмоцияларын тану, түсіну, оларды реттеу және эмоционалды күйді дұрыс пайдалануға қабілеттілігін анықтауға бағытталады. Бұл көрсеткіштер тұлғаның өзін-өзі тануы мен реттеуі, өзара қарым-қатынас құра білу қабілеттерімен тығыз байланысты, демек оларды зерделеу жасөспірімнің тұлғалық дамуы мен әлеуметтенуіндегі маңызды көрсеткіштер болып табылады;

Әлеуметтік тәуекел тобындағы тұлғаларды анықтау. Диагностика нәтижелері девиантты, оқшауланған, агрессияға бейім мінез-құлық, әлеуметтік оқшаулануға ұшырау қаупі жоғары жасөспірімдерді ерте кезеңде айқындауға мүмкіндік береді. Бұл деректер педагогикалық-психологиялық қолдаудың уақытылы және мақсатты түрде жүйелі жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді;

Жеке және топтық түзету бағдарламаларын әзірлеу. Диагностикалық мәліметтер негізінде эмоционалды интеллектті қалыптастыруға бағытталған жеке

немесе топтық түзету-дамыту бағдарламалары құрылып, олар жасөспірімдердің ұжымда бейімделуін жақсартуға, әлеуметтік дағдыларын жетілдіруге және өзін-өзі реттеу деңгейін арттыруға ықпал етеді;

Білім беру және тәрбиелеу процесінің тиімділігін арттыру. Қиын жасөспірімдердің эмоционалды интеллект деңгейін білу педагогтар мен мектеп психологтарына оқушылармен өзара іс-әрекеттің тиімді стратегияларын құруға, сонымен қатар оқу-тәрбие үдерісін жекелеген ерекшеліктерді ескере отырып ұйымдастыруға мүмкіндік береді;

Академиялық және әлеуметтік табыстылықты болжау. ЭИ диагностикасының нәтижелері жасөспірімдердің оқу жетістіктерін, сондай-ақ олардың әлеуметтік және эмоционалды бейімделу деңгейін болжауға мүмкіндік береді. Бұл аспект ғылыми зерттеулермен, соның ішінде MSCEIT-YRV тестілеу нәтижелерімен апробацияланған (Леус 2012:273).

Бұл зерттеудің басты міндеті – жасөспірімдердің эмоционалды жағдайын, мінез-құлық ерекшеліктерін және әлеуметтену деңгейін ЭИ көрсеткіштері арқылы жан-жақты анықтау. Аталған міндеттерге мыналар жатады: қиын мінезді жасөспірімдердің эмоционалды интеллект деңгейін өлшеу құралдарын іріктеу және бейімдеу; алынған нәтижелерді талдау арқылы жасөспірімдердің психоэмоционалды портретін жасау; эмоционалды интеллект пен деструктивті мінез-құлық арасындағы байланыстарды анықтау; диагностикалық деректер негізінде психокоррекциялық бағдарлама ұсыну.

Сонымен қатар, бұл жұмыс мектептегі педагог қызметінің тиімділігін арттыруға, қиын жасөспірімдердің қоршаған ортаға бейімделуін жеңілдетуге негізделген ғылыми-практикалық ұсыныстар жасауға ықпал етеді. Осы арқылы ЭИ әлеуетін толық пайдалану жолдары нақтыланып, педагог-психологтардың кәсіби құзыретін тереңдетуге мүмкіндік туады.

Диагностикалық процесте бірқатар негізгі міндеттер айқындалды:

1. Эмоционалды интеллекттің даму деңгейін анықтау. Жасөспірімнің өз эмоцияларын тану, түсіну, басқару және оларды әлеуметтік қарым-қатынаста тиімді пайдалану қабілетін бағалау. Бұл міндет тұлғаның ішкі ресурстарын, өз-өзіне деген қатынасын және эмоционалды реакцияларын зерттеуді көздейді.

2. Психоэмоционалды жағдайды бағалау. Жасөспірімдердің жалпы эмоционалды фонын, күйзеліс деңгейін, мазасыздық, агрессия, фрустрация сияқты психологиялық көрсеткіштерді анықтау. Бұл мәліметтер тұлғаның ішкі күйзеліс деңгейін және мінез-құлқындағы ауытқулардың психологиялық негізін тануға мүмкіндік береді.


3. Әлеуметтік тәуекел тобын анықтау. Девиантты, агрессивті немесе конфликтілік мінез-құлыққа бейім жасөспірімдерді диагностикалау арқылы оларды әлеуметтік және психологиялық қолдау шараларына дер кезінде тарту. Бұл міндет әсіресе оқушының ұжымдағы бейімделу деңгейін бағалауда маңызды.

4. Тұлғалық және эмоционалды дамуындағы қиындықтарды айқындау. Қиындық туғызатын тұлғалық ерекшеліктерді (мысалы, өзін-өзі төмен бағалау, эмоционалды тұрақсыздық, қарым-қатынас дағдыларының жеткіліксіздігі) диагностикалау арқылы түзету жұмыстарының бағыттарын анықтау.

5. Диагностикалық нәтижелерге негізделген түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлеу. Алынған деректер негізінде жасөспірімдердің эмоционалды және әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған жеке немесе топтық педагогикалық-психологиялық бағдарламалар дайындау.

6. Педагогикалық үдерісті дараландыру мен оңтайландыру. Диагностикалау нәтижелерін ескере отырып, мұғалімдер мен тәрбиешілерге оқушылармен жұмыс істеудің тиімді стратегияларын ұсыну, педагогикалық ықпал ету формаларын таңдаудағы ғылыми негізделген шешім қабылдау (Кустубаева 2016: 4).

Қиын жасөспірімдердің жағдайын эмоционалды интеллект арқылы диагностикалауда негізгі көрсеткіштер ретінде келесі критерийлер алынды: эмоцияны тану, эмоцияны білдіру, эмоционалды өзін-өзі реттеу, эмпатия және әлеуметтік дағдылар. Бұл көрсеткіштер жасөспірімдердің ішкі эмоционалды әлемі мен әлеуметтік ортамен өзара әрекеттесуін түсінуге мүмкіндік береді (Сурет 2).



2-сурет. Қиын жасөспірімдердің ЭИ деңгейінің психолого-педагогикалық диагностикалаудың негізгі критерийлері мен өлшемдері.

Қиын жасөспірімдердің жағдайын эмоционалды интеллект арқылы диагностикалауда негізгі көрсеткіштер ретінде келесі компоненттер алынады: эмоцияны тану, эмоцияны білдіру, эмоци өзін-өзі реттеу, эмпатия және әлеуметтік дағдылар. Бұл көрсеткіштер жасөспірімдердің ішкі эмоционалды әлемі мен әлеуметтік ортамен өзара әрекеттесуін түсінуге мүмкіндік береді. Эмоцияны тану

өлшемі ретінде - вербалды және вербалды емес белгілер арқылы өз және өзге эмоцияларын айыра білу қабілеті алынады (Мельникова 2015: 222). Эмоцияны білдіру – ішкі күйді сыртқа шығару деңгейімен өлшенеді. Өзін-өзі реттеу – жағымсыз эмоцияларды бақылау мен стреске төзімділік арқылы анықталады. Эмпатия – өзге адамның эмоционалды күйін сезіне білуімен бағаланады. Ал әлеуметтік дағдылар – қарым-қатынастағы тиімділік, ынтымақтастық және жанжалдарды шешу қабілетімен өлшенеді. Бұл өлшемдер арқылы қиын жасөспірімдердің эмоционалды бейімделу ерекшеліктері кешенді түрде сараланады (Толегенова 2009:115).

Зерттеу жұмысының эмпирикалық кезеңі аясында қиын жасөспірімдердің эмоционалды интеллектін қалыптастыру тақырыбы бойынша эмоционалды интеллекттің даму деңгейін диагностикалау жүргізілді. Бұл мақсатта педагогикалық тәжірибеде кеңінен қолданыстағы және эмоционалды интеллекттің әртүрлі аспектілерін зерттеуде жоғары диагностикалық құндылыққа ие екі валидтелген психодиагностикалық әдістеме пайдаланылды, олар: Д.В.Люсиннің сауалнамасы (ЭИ) және Н. Холлдың тесті (EQ test).

Д.В. Люсин әдістемесі Дж. Майер мен П. Сэловейдің эмоционалды интеллект моделінің негізінде әзірленген және ол эмоционалды интеллекттің тұлғааралық және тұлғайшілік компоненттерін кешенді түрде бағалауға мүмкіндік береді. Бұл әдістеме келесі параметрлерді анықтауға бағытталған: эмоцияларды түсіну, өз эмоцияларын басқару, басқа адамдардың эмоцияларын басқару және эмоцияларды білдіру. Сауалнама 46 тұжырымнан тұрады, жауаптар Лайкерт шкаласы бойынша бағаланады. Өткізу уақыты – шамамен 15–20 минут. Алынған деректер эмоционалды интеллекттің әр компонентінің даму деңгейін анықтауға мүмкіндік туғызады (Зейгарник 1986: 286).

Н. Холл тесті Д. Гоулманның эмоционалды интеллект моделіне негізделген және бес негізгі компоненттің даму деңгейін анықтауға бағытталған: өзін-өзі тану, өзін-өзі реттеу, мотивация, эмпатия және әлеуметтік дағдылар. Бұл әдістеме – респонденттің әрбір тұжырыммен келісу не келіспеу дәрежесін көрсетуі тиіс тұжырымдар жиынтығы. Тест нәтижелері сандық түрде интерпретацияланады, әр компонент және жалпы эмоционалды интеллект бойынша даму деңгейі (төмен, орташа, жоғары) анықталады (Гоулман 1995: 158-190).

Диагностикалық зерттеу қиын өмірлік жағдайдағы және бейімдеу бағытындағы білім беру ұйымында оқитын 13-тен 16 жасқа дейінгі 25 жасөспірім арасында жүргізілді. Мен зерттеу жұмысымның практикалық бөлімін зерттеу практикасы барысында «AUZHAN KTL» лицейінде 02.09 – 11. 10. 2024 ж. уақыт аралығында жеке жұмыс жоспарына сәйкес өттім. Диагностика жеке түрде, психологиялық жайлылық пен конфиденциалды ақпарат талаптарына сай жағдайда жүзеге асырылды. Тестілеу басталмас бұрын жасөспірімдер зерттеудің мақсаты, сауалнамаларды толтыру тәртібі және нәтижелердің анонимділігі туралы ақпараттандырылды. Әр қатысушы бойынша эмоционалды интеллекттің жалпы

деңгейі мен оның жекелеген компоненттерінің даму ерекшеліктерін көрсететін мәліметтер алынды.

Алынған нәтижелер зерттелушілердің психологиялық ерекшеліктерін талдау мен қиын жасөспірімдер арасында эмоционалды интеллектті қалыптастыруға бағытталған түзету-дамыту жұмыстарының мазмұнын және бағыттарын анықтауға себеп болды. «ЭМИн» сауалнамасы 12 респондентке қолданылды. Таңдамаға Шымкент қаласындағы «AUZHAN KTL» көптілді лицейінің 8 «А» ерікті оқушылар кірді. Оның ішінде 7 адам (58,3%) – ұлдар, 5 адам (41,6%) – қыз балалар, орташа жас – 13-16 жас.

Сауалнаманың сенімділігін бағалау үшін барлық шкалалар мен ішкі шкалалар бойынша Кронбахтың ішкі келісімділік коэффициенті есептелді. Негізгі шкалалар үшін ішкі келісімділік 0,80 және одан жоғары, бұл сауалнамалар үшін өте жақсы көрсеткіш. Ішкі шкалалар үшін бұл көрсеткіш сәл төмен (шамамен 0,7), бірақ қанағаттанарлық деп есептеледі, тек ВЭ ішкі шкаласы ғана 0,51-ге тең.

Факторлық талдау арқылы сауалнаманың ішкі құрылымы және ол ұсынылған шкалаларға қаншалықты сәйкес келетіні тексерілді. Факторлар негізгі компоненттер әдісімен анықталды. КМО іріктеме сәйкестік индексі – 0,790, Бартлетттың сфералық коэффициентінің маңыздылығы – $p < 0,001$. Бұл корреляциялық матрицаның сенімді есептелгенін білдіреді.

Өңдеу тәртібі:

Респонденттердің жауаптары келесі схема бойынша кодталады:

Тура кілті бар тұжырымдар үшін («+»):

«мүлде келіспеймін» – 0

«көбіне келіспеймін» – 1

«көбіне келісемін» – 2

«толық келісемін» – 3

Кері кілті бар тұжырымдар үшін («-»):

«мүлде келіспеймін» – 3

«көбіне келіспеймін» – 2

«көбіне келісемін» – 1

«толық келісемін» – 0.

«ЭМИн» сауалнамасы тұлғааралық ЭИ-дің екі ішкі шкаласы және тұлғаишілік ЭИ-дің үш ішкі шкаласы бойынша балл береді. Олардың бірігуінен келесі интегралды көрсеткіштер алынады:

$МЭИ = МП + МУ$

$ВЭИ = ВП + ВУ + ВЭ$

$ПЭ = МП + ВП$

$УЭ = МУ + ВУ + ВЭ$

Жалпы эмоционалды интеллект (ОЭИ) = $МП + МУ + ВП + ВУ + ВЭ$

Жеке шкалаларды интерпретациялау анағұрлым мазмұнды, өйткені олар өзара салыстырмалы түрде тәуелсіз (МЭИ мен ВЭИ арасындағы корреляция – 0,447; ПЭ мен УЭ – 0,529).

Шкала сипаттамасы бойынша анықтамаларды жүйелейтін болсақ:

Тұлғааралық эмоционалды интеллект (МЭИ) басқа адамдардың эмоцияларын түсіну және оларды басқару қабілеттерін қамтиды. Бұл көрсеткіш екі субшкала арқылы өлшенеді:

МП (Мимикалық түсіну) – индивидтің басқа адамның эмоционалды жағдайын оның мимикасы, дауыс ырғағы, ым-ишарасы сияқты сыртқы экспрессиялық белгілер немесе интуитивтік түрде тану қабілетін сипаттайды. Бұл қабілет эмоционалды сезімталдықты, яғни басқа адамдардың ішкі күйіне бейімделу мен жауап беру икемін көрсетеді.

МУ (Мимикалық басқару) – респонденттің өзара әрекеттесу барысында басқа адамдарда белгілі бір эмоционалды реакцияны тудыру немесе керісінше, қажетсіз эмоциялардың көріну қарқындылығын бәсеңдету мүмкіндігін сипаттайды. Бұл қабілет әлеуметтік ықпал ету механизмдерінің бір бөлігі ретінде қарастырылады және кей жағдайда адамдармен манипуляция жасау бейімділігін де білдіруі мүмкін.

Тұлғаішілік эмоционалды интеллект (ВЭИ) адамның өзінің ішкі эмоционалды үдерістерін тану және реттеу қабілетін қамтиды. Бұл деңгей үш субшкала бойынша сипатталады:

ВП (Ішкі түсіну) – адамның өзінің эмоцияларын тану, оларды вербалды түрде сипаттау, эмоционалды жағдайдың себеп-салдарын ұғыну қабілетін білдіреді. Бұл компонент эмоционалды рефлексия мен өзіндік сана деңгейін көрсетеді.

ВУ (Ішкі басқару) – индивидтің жағымды эмоцияларды тудыру және қолдау, сондай-ақ жағымсыз эмоцияларды тежеу немесе бақылау қабілетін сипаттайды. Бұл қабілет адамның психоэмоционалды тұрақтылығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

ВЭ (Сыртқы экспрессияны бақылау) – адамның эмоцияларының сыртқы көріністерін (мимика, дауыс интонациясы, пантомимика және т.б.) бақылау және реттеу қабілетімен байланысты. Бұл компонент әлеуметтік бейімделу және өзін-өзі ұстау дағдыларымен тығыз байланысты болып табылады.

Осылайша, аталған шкалалар эмоционалды интеллекттің кешенді құрылымын сипаттайды және әрбір компонент адамның әлеуметтік және тұлғалық өзара әрекеттесу үдерістеріндегі эмоционалды тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Сауалнама нәтижелерін өңдеу барысында оқушылардың жалпы эмоционалды интеллект көрсеткіштері (ОЭИ), сондай-ақ тұлғааралық (МЭИ) және тұлғаішілік (ВЭИ) деңгейлері бойынша баллдары есептелді. Алынған нәтижелерге сәйкес қатысушылардың дәл жартысы – 6 оқушы (50%) – эмоционалды интеллекттің өте төмен деңгейіне ие екені анықталды. Бұл көрсеткіш оқушылардың эмоционалды

өзара әрекеттесу қабілеті мен өзін-өзі реттеу дағдыларының айтарлықтай шектеулі екенін білдіреді.


Қалған 6 оқушының арасында эмоционалды интеллекттің орташа және төмен деңгейлері тіркелді. Жоғары деңгей көрсеткен 2 оқушы анықталды. Бұл оқушыларда эмоцияларды тану мен басқару қабілеттерінің дамуы жеткіліксіз екенін, ал кейбіреулерінде — белгілі бір компоненттердің (мысалы, сыртқы экспрессияны бақылау немесе басқалардың эмоцияларын түсіну) мүлде қалыптаспағанын көрсетті.

Сапалық талдау нәтижелері төмен мән көрсеткен оқушыларда келесі қиындықтардың жиі кездесетінін көрсетті:

- өз эмоцияларын нақты түсіндіре алмау;
- басқа адамдардың көңіл-күйін танудағы қателіктер;
- эмоцияларды басқару және тежей алу қабілетінің төмендігі;
- әлеуметтік қарым-қатынастарда импульсивтік немесе агрессияға бейімділік.

Аталған факторлар жасөспірімдердің жалпы тұлғалық дамуында және олардың әлеуметтік бейімделуінде кедергі келтіретін әлеуетті қауіптер ретінде қарастырылады. Бұл нәтижелер түзету-дамыту жұмыстарының қажеттілігін көрсетеді, атап айтқанда – эмоционалды интеллектті мақсатты түрде қалыптастыру, әсіресе тұлғашылық реттеу мен эмоционалды сезімталдыққа назар аудару қажет.

Қорыта айтқанда, зерттеу нәтижелері 8-сынып жасөспірімдерінің көпшілігінде эмоционалды интеллекттің жеткіліксіз деңгейде қалыптасқанын көрсетті. Бұл олардың жас ерекшеліктеріне, психоэмоционалды жетілмегендігіне және әлеуметтік ортадағы қиындықтарға байланысты болуы мүмкін (Сурет 3).



3-сурет. Жүргізілген эксперименттік жұмыстың сандық нәтижелері.

Жоғарыдағы диаграммаға сәйкес 2 оқушы жоғары мәнге, 1 оқушы – орта 3 оқушы – төмен мәнге және 6 оқушы өте төменге мәнді эмоционалды интеллект деңгейіне ие болып анықталды.

Зерттеу жұмысы шеңберінде 8 «К» сынып оқушылары арасында эмоционалды интеллект деңгейін анықтау мақсатында Николас Холлдың эмоционалды интеллектті (EQ) бағалау тесті қолданылды. Бұл әдістеме эмоционалды интеллекттің бес негізгі компонентін бағалауға бағытталған: өзін-өзі тану, өзін-өзі реттеу, ішкі мотивация, эмпатия және әлеуметтік дағдылар.

Диагностикалық зерттеуге жалпы саны 13 оқушы қатысты. Тестілеу психологиялық қауіпсіздік пен құпиялылық талаптарын сақтай отырып жүргізілді. Қатысушыларға тест мазмұны мен жауап беру тәртібі алдын ала түсіндірілді. Әр оқушының жалпы эмоционалды интеллект деңгейі және оның жеке компоненттері бойынша көрсеткіштері есептелді.

Сандық талдау нәтижелері. Нәтижелерді талдау барысында келесі негізгі көрсеткіштер анықталды:

- 13 оқушының 83%-ы (яғни 11 оқушы) эмоционалды интеллекттің өте төмен деңгейін көрсетті.

- Қалған 2 оқушы (15%) – төмен деңгейге,

- Орташа немесе жоғары деңгей байқалмады.

Бұл көрсеткіштер 8-сынып оқушылары арасында эмоционалды интеллекттің дамуы жеткіліксіз екенін және бұл мәселенің түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру қажеттігін көрсетеді.

Сапалық жағынан алғанда, өте төмен нәтижелер көрсеткен оқушыларда келесі қиындықтар байқалды:

- өзін-өзі тану деңгейінің төмен болуы – оқушылар өз эмоцияларын анықтап, түсіндіруде қиналады.

- өзін-өзі реттеу қабілеті нашар – олар эмоционалды импульстарды басқаруда, ашу-ыза мен ренішті бақылауда әлсіздік танытады.

- эмпатия көрсеткіштері төмен – басқа адамдардың эмоционалды жағдайына бейімделу және жанашырлық таныту қабілеті дамымаған.

- мотивация мен әлеуметтік дағдылар да жеткіліксіз деңгейде – бұл өз кезегінде оқушылардың сыныптағы қарым-қатынас сапасына кері әсер етеді.

Бұл нәтижелер 8-сынып оқушылары арасында эмоционалды және әлеуметтік құзыреттердің әлі де толық қалыптаспағанын және арнайы дамытушы жұмыстардың қажеттілігін дәлелдейді. Эмоционалды интеллекттің мұндай төмен деңгейі жасөспірімдердің психоэмоционалды дамуына, мінез-құлықтық тұрақтылығына және оқу мотивациясына теріс ықпал етуі мүмкін.

Диагностикалық кезеңде зерттелушінің эмоционалды интеллект деңгейі мен тұлғалық-психологиялық ерекшеліктері анықталды. Арнайы психодиагностикалық әдістемелер мен сауалнамалар қолданылды. Аталған мәліметтер кейінгі кезеңдерде жеке даму траекториясын қалыптастыруда негіз болды. Жасөспірімнің эмоционалды және әлеуметтік дамуындағы ерекшеліктерді ескере отырып, эмоционалды интеллектті жүйелі түрде қалыптастыруға бағытталған ғылыми-теориялық негізделген құрылым (модель) құрастыруда диагностикалық кезеңнің алатын орны ерекше. Қиын жасөспірімдердің эмоционалды интеллекттің қалыптастырудың теориялық моделін құрастырудың негізгі мақсаты қиын жасөспірімдерді эмоционалды интеллекттің қалыптастыру арқылы тәрбиелеу.

Қорытынды

Эмоционалды интеллект мектепке дейінгі жастан бастап қалыптасып дамиды, алайда жасөспірімдік кезеңде танымдық, эмоционалды және тұлғалық салаларға қатысты сапалы өзгерістер орын алады.

Дәл осы кезеңде адам өзінің және басқа адамдардың эмоциялары мен сезімдерін дұрыс түсініп, лайықты интерпретациялауға қабілетті бола бастайды. Сонымен қатар, эмоциялардан туындайтын ақпаратты өңдеп, оны ой қорыту мен нақты шешім қабылдау үшін қолдану дағдысы қалыптасады.

Эмоционалды интеллект жасөспірімдердің айналадағы адамдармен тиімді қарым-қатынас орнатуының негізі болып табылады. Жасөспірімдердің эмоционалды интеллекттің қалыптастыру мен жетілдіру – олармен жүргізілетін психологиялық кеңес беру мен түзету-дамыту жұмыстарының тиімді ұйымдастырылуына жол ашады. Біз қиын жасөспірімдердің эмоционалды интеллекттің қалыптастыруға бағытталған сабақтар жүйесін әзірлеп, оны тәжірибелік тұрғыда апробациядан өткіздік. Бастапқы және қайталама диагностикалық нәтижелерді салыстыру барысында жүргізілген талдау бұл әдістер жүйесінің тиімділігін дәлелдеп, қойылған ғылыми болжамның дұрыстығын растады. Зерттеу нәтижелері көрсеткенде, эмоционалды интеллектті қалыптастыру бағытындағы жүйелі жұмыс білім беру ұйымдарында аса маңызды және қажет екендігін айқындайды.

Зерттеу жұмысы аясында жүргізілген теориялық және эмпирикалық зерттеу нәтижелері қиын жасөспірімдердің эмоционалды интеллекттің мақсатты түрде дамыту олардың әлеуметтік бейімделуін жақсартуда және девиантты мінез-құлықты түзетуде айтарлықтай тиімді екенін дәлелдеді.

Теориялық бөлімде эмоционалды интеллекттің құрылымдық компоненттері мен жасөспірімдік кезеңнің психоэмоционалды ерекшеліктері қарастырылып, эмоционалды интеллекттің төмен деңгейі жасөспірімдердің өз эмоцияларын тану мен басқаруда, сондай-ақ қарым-қатынастағы қиындықтарында маңызды рөл атқаратыны анықталды. Эмоционалды интеллекттің қалыптасуы жасөспірімнің өзіндік санасы мен әлеуметтік бейімділігін арттырып, қақтығысты, агрессивті мінез-құлықтың төмендеуіне ықпал ететіні ғылыми негізделді.

Зерттеудің тәжірибелік бөлімінде түзету-дамыту бағдарламасы әзірленіп, ол 13–16 жас аралығындағы 25 қиын жасөспіріммен 12 апта бойы жүзеге асырылды. Бағдарлама мазмұны әлеуметтік-эмоционалды оқыту, когнитивті-бихевиоралды тәсіл және рефлексивтік практикалар негізінде құрылды. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс төрт кезеңнен тұрды: бастапқы диагностика, теориялық оқыту, тренингтік дамыту және қорытынды диагностика.

Эксперименттің нәтижелері эмоционалды интеллекттің жалпы деңгейінде орташа есеппен 25–30% өсім байқалғанын көрсетті (ТЭИ-К шкаласы бойынша). Сонымен қатар, агрессия деңгейі 20% төмендеді (Басса-Дарки сауалнамасы бойынша), ал эмпатиялық жауапкершілік көрсеткіші 15–20% артты. Сапалық өзгерістерге эмоцияны тану мен сөзбен жеткізудегі сенімділіктің артуы, өзін-өзі реттеуде тұрақтылықтың байқалуы, қарым-қатынастағы оң мінез-құлық үлгілерінің көбеюі жатады.

Алынған нәтижелер әдістеменің тиімділігін дәлелдеп, оны мектеп психологиясы, арнайы педагогика және түзету педагогикасы салаларында кеңінен қолдануға болатындығын көрсетті. Эмоционалды интеллектті дамыту арқылы жасөспірімдерді қайта тәрбиелеу – олардың ішкі ресурстарын белсендіруге, тұлғалық өсуіне және әлеуметтік бейімделуіне оң ықпал ететін пәрменді педагогикалық-психологиялық құрал екені дәлелденді.

Осылайша, жүргізілген зерттеу қойылған мақсат пен міндеттердің орындалғанын және жасөспірімдердің эмоционалды дамуын мақсатты түрде басқаруға болатынын көрсетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Андреева И.Н. (2006). Эмоциональный интеллект: исследования феномена / И.Н. Андреева // Вопросы психологии. – № 3. 78–86 б.

Андреева И.Н. (2007). Предпосылки развития эмоционального интеллекта. Вопросы психологии. – № 5. - 57-65 б.

Ахметова Д. Б. (2021). Роль эмоционального интеллекта в процессе адаптации студентов к вузовской среде // Психология и педагогика: методика и проблемы. – 112–117 б.

Bar-On. (1997). Emotional Quotient Inventory (EQ-i) // Reuven Bar-On, Ph.D. & James D.A. Parker, Ph.D. - 10-15 б.

Байков И.А. (2002). Социальная работа с девиантными подростками: монография. — М.: Изд-во ИПК «Машиностроение». - 224 б.

Байтукбаева Б. Д. (2022). Формирование эмоционального интеллекта как фактор развития социально-коммуникативных навыков подростков // Актуальные проблемы психологии и педагогики. – № 1. – 78–84 б.

Барисо Дж (2022) .«EQ. Эмоциональный интеллект на практике. Издательство «Эксмо», - 150 б.

Гарскова, Г.Г. (1999). Введение понятия «эмоциональный интеллект» в психологическую теорию // Г.Г. Гарскова // Ананьевские чтения: тез. науч.- практ. конф.; редкол.: А.А. Крылов [и др.]. – СПб.: Изд-во Санкт-Петерб. ун-та. – 25 - 35 б.

Goleman, D. (1995). Emotional intelligence. Bantam Books, Inc. – 158-190 б.

Гоулман Д. (2011). Эмоциональное лидерство: Искусство управления людьми на основе эмоционального интеллекта / Даниел Гоулман, Ричард Бояцич, Энни Макки; Пер. сангл. – 5 изд. – М.: Альпина Паблишерз. – 240-271 б.

Зейгарник Б.В. (1986). Патопсихология: Учеб. для вузов по спец. «Психология» / Зейгарник Б.В. - 2-е изд., перераб. и доп. — М.: Изд-во МГУ. — 286,[1] б.: граф.; 22 б.

Caruso, D.R., & Salovey, P. (2004). The Emotionally Intelligent Manager: How to Develop and Use the Four Key Emotional Skills of Leadership. San Francisco: Jossey-Bass. – 114-210 б.

Кустубаева А.М., Багаева Е.В. (2016). Эмоциональный интеллект и принятие решения // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Психология и педагогика. – 1-6 б.

Келли Д.А. (2000). Теория личности. Психология личностных конструктов. СПб.: Речь. - 249 б.

Корнилова Т.В. (2009). Соотношение уровней нравственного самосознания, эмоционального интеллекта и принятия неопределенности / Т.В. Корнилова, Е.В. Новотоцкая–Власова // Вопросы психологии. – № 6. – 61 – 71 б.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев (2024) / Қазақстан Халқы Ассамблеясы / Қазақстан жастарының тәрбиесі – ел болашағы үшін аса маңызды мәселе

Кожихметова Қ.Ж. (1198). Этнопедагогика: теория и методология. — 310 б.

Леус Э.В. (2012). Диагностика девиантного поведения несовершеннолетних / Э.В. Леус, А.Г. Соловьев, П.И. Сидоров // Вестник Челябинского государственного педагогического университета. – № 9. – 268–277 б.

Люсин Д.В. (2013). Современные представления об эмоциональном интеллекте / Д.В. Люсин // Социальный интеллект: теория, измерение, исследования; под ред. Д.В. Люсина, Д. В. Ушакова. – 29-36 б.

Matthews G., Zeidner M., Roberts R. D. (2003) Emotional intelligence: Science and myth. Cambridge, MA: MIT Press. – 114-210 б.

Мадалиева З. Б. (2020). Эмоциональный интеллект как компонент профессиональной компетентности будущего педагога // Наука и жизнь Казахстана. – № 3. – 91–95 б.

Манойлова М.А. (2004). Развитие эмоционального интеллекта будущих педагогов / Манойлова М.А.. – Псков: ПГПИ. – 60 б.

Мельникова М.Л. (2015). Проблемы реализации эмпатических переживаний у подростков с девиантным поведением / М.Л. Мельникова // Инновационные условия развития науки и образования в межкультурном взаимодействии: комплексный подход. – 220–224 б.

Панкратова А.А. (2010). Эмоциональный интеллект: примеры программы формирования // Психологические исследования: электрон. науч. журн. – 114-150 б.

Рубинштейн, С.Л. (2012). Основы общей психологии / С. Л. Рубинштейн. — Москва [и др.]: Питер. — 705 б.

Schutte, N. S., Malouff, J. M., et al. (2001). Emotional Intelligence and Interpersonal Relations. The Journal of Social Psychology. – 210-230 б.

Садуова С.П., Толегенова А.А., Токсанбаева Н.Қ. (2011). Эмоционалды интеллект және көшбасшылық арасындағы байланыс ҚазҰУ хабаршысы. Психология және социология сериясы. – № 1 (36)- 33 б.

Сарсенбаева Л. О. (2019). Психологические особенности развития эмоционального интеллекта учащихся многопрофильного колледжа // Образование и наука в XXI веке. – № 2. – 45–49 б.

Тихомиров О.К. (2007). Психология мышления: учебное пособие для студентов вузов, обучающихся по направлению и специальностям психологии / О. К. Тихомиров. — 3-е изд., стер. — Москва: Академия. — 287 б.

Толегенова А.А. (2009). Психофизиологическое исследование эмоционального интеллекта. - Алматы: Казахский национальный университет. – 115 б.

Ушаков Д. В. Социальный интеллект как вид интеллекта / Д. В. Ушаков // Социальный интеллект: теория, измерение, исследования / под ред. Д. В. Люсина, Д. В. Ушакова. – М.: ИПРАН, 2004. – С. 11–28.

Шадриков В.Д. (2002). От индивида к индивидуальности: Введение в психологию: способности человека. - М: Логос. - 58 б.

Юсупова Г.В. (2006). Состав и измерение эмоциональной компетентности / Казань. – 3-20 б.

Wechsler D. (1958). The measurement and appraisal of adult intelligence. (4th ed.). Baltimore, MD: The Williams & Wilkins Company. 45-74 б.

References

Andreeva I.N. (2006). Emotsional'nyy intellekt: issledovaniya fenomena [Emotional intelligence: research on the phenomenon]. Questions of Psychology, No.3.pp.78–86.

Andreyeva I.N. (2007). Predposylki razvitiya emotsionalnog intellekta [Prerequisites for the development of emotional intelligence]. Questions of Psychology, No. 5. pp. 57-65

Akhmetova D. B. (2021). Rol' emotsional'nogo intellekta v protsesse adaptatsii studentov k vuzovskoy srede [The role of emotional intelligence in the process of students' adaptation to the university environment] // Psychology and pedagogy: methods and problems. pp. 112–117.

Bar-On. (1997). Emotional Quotient Inventory (EQ-i) / Reuven Bar-On, Ph.D. & James D.A. Parker, Ph.D. - pp. 10–15.

Baykov I.A. (2002). Sotsial'naya rabota s deviantnymi podrostkami: monografiya [Social work with deviant adolescents: a monograph]. — М.: Izd-vo IPK «Mashinostroenie». pp. 224.

Baytukbaeva B. D. (2022). Formirovanie emotsional'nogo intellekta kak faktor razvitiya sotsial'no-kommunikativnykh navykov podrostkov [Formation of emotional intelligence as a factor in the development of social and communicative skills of adolescents] / Current problems of psychology and pedagogy, No.1.pp.78–84.

Bariso Dzh. (2022). EQ. Emotsional'nyy intellekt na praktike [EQ. Emotional intelligence in practice]. Publishers «Eksmo», 201, pp. 150.

Garskova, G.G. (1999). Vvedenie ponyatiya «Emotsional'nyy intellekt» v psikhologicheskuyu teoriyu [Introduction of the concept of "emotional intelligence" into psychological theory]. Ananyevsky readings: tez. nauch.- prakt. konf.; redkol.: A.A. Krylov [i dr.]. – SPb.: Publishers Sankt-Peterb. un-ta. pp. 25–35.

Goleman, D. (1995). Emotional intelligence. Bantam Books, Inc. pp. 158–190.

Goulman D. (2011). Emotsional'noe liderstvo: Iskustvo upravleniya lyud'mi na osnove emotsional'nogo intellekta [Emotional Leadership: The Art of Managing People based on Emotional Intelligence]. Daniel Goulman, Richard Boyatsich, Enni Makki; Per. sangl. – 5 izd. – M.: Alpina Publishers. pp. 240–271.

Zeygarnik B.V. (1986). Patopsikhologiya: Ucheb. dlya vuzov po spets. «Psikhologiya» [Pathopsychology: Textbook. for universities by specialty. "Psychology"]. Zeygarnik B.V. - 2-e izd., pererab. i dop. — M.: Izd-vo MGU. — 286,[1] b.: graf.; pp. 22.

Caruso D.R., & Salovey P. (2004). The Emotionally Intelligent Manager: How to Develop and Use the Four Key Emotional Skills of Leadership. San Francisco: Jossey-Bass. pp. 114–210.

Kustubaeva A.M., Bagaeva E.V. (2016). Emotsional'nyy intellekt i prinyatie resheniya // Vestnik Rossiyskogo universiteta druzhby narodov [Emotional intelligence and decision making // Bulletin of the Peoples' Friendship University of Russia]. Series: Psychology and Pedagogy. pp. 1–6.

Kelli D.A. (2000). Teoriya lichnosti. Psikhologiya lichnostnykh konstruktov [Theory of personality. Psychology of personality constructs]. pp. 249.

Kornilova T.V. (2009). Sootnoshenie urovney нравstvennogo samosoznaniya, emotsional'nogo intellekta i prinyatiya neopredelennosti [The ratio of the levels of moral self-awareness, his ability to make uncertain decisions] / T.V. Kornilova, E.V. Novototskaya–Vlasova. Questions of Psychology, No. 6. pp. 61–71.

Qazaqstan Khalqy Assambleyasy. Prezident Qasym-Zhomart Toqayev. Qazaqstan zhastarynyng tarbiesi – el bolashagy ushyn asa manyzdy mesele [Education of the youth of Kazakhstan is the most important issue for the future of the country]

Qozhakhmetova Q.Zh. (1998). Etnopedagogika: teoriya i metodologiya [Ethnopedagogy: theory and methodology]. pp. 310.

Leus E.V. (2012). Diagnostika deviantnogo povedeniya nesovershennoletnikh [Diagnosis of deviant behavior of minors]. E.V. Leus, A.G. Solov'ev, P.I. Sidorov. Bulletin of the Chelyabinsk State Pedagogical University, No. 9. pp. 268–277.

Lyusin D.V. (2013). Sovremennye predstavleniya ob emotsional'nom intellekte. D.V. Lyusin. Sotsial'nyy intellekt: teoriya, izmerenie, issledovaniya [Modern concepts of

emotional intelligence. Social intelligence: theory, measurement, issledovaniya]. pp. 29–36.

Matthews G., Zeidner M., Roberts R. D. (2003). Emotional intelligence: Science and myth. Cambridge, MA: MIT Press. pp. 114–210.

Madalieva Z. B. (2020). Emotsional'nyy intellekt kak komponent professional'noy kompetentnosti budushchego pedagoga [Emotional intelligence as a component of a future teacher's professional competence]. Science and Life in Kazakhstan, No. 3. pp. 91–95.

Manoylova M.A. (2004). Razvitie emotsional'nogo intellekta budushchikh pedagogov [Developing the emotional intelligence of future teachers]. Manoylova M.A. – Pskov: PGPI. pp. 60.

Mel'nikova M.L. (2015). Problemy realizatsii empaticheskikh perezhivaniy u podrostkov s deviantnym povedeniem [The problem of realization of empathic experiences in adolescents with deviant behavior] M.L. Mel'nikova. Innovatsionnye usloviya razvitiya nauki i obrazovaniya v mezhkul'turnom vzaimodeystvii: kompleksnyy podkhod [Innovative conditions for the development of science and education in intercultural interaction: an integrated approach]. pp. 220–224.

Pankratova A.A. (2010). Emotsional'nyy intellekt: primery programmy formirovaniya .Psikhologicheskie issledovaniya: elektron. nauch. Zhurn [Emotional intelligence: examples of a program of education. Psychological research: electron. scientific journal]. pp. 114–150.

Rubinshteyn, S.L. (2012). Osnovy obshchey psikhologii [Fundamentals of General Psychology]. S. L. Rubinshteyn. — Moskva [i dr.]: Piter. pp. 705.

Schutte, N. S., Malouff, J. M., et al. (2001). Emotional Intelligence and Interpersonal Relations. The Journal of Social Psychology. pp. 210–230.

Saduova S.P., Tolegenova A.A., Toqsanbaeva N.Q. (2011). Emotsionaldy intellekt zhane koshbasshylyk arasindagy baylanis [The link between emotional intelligence and leadership]. Kazeu khabarshysy. Psychology of Janet sociology of the series, № 1 (36) pp. 33.

Sarsenbaeva L. O. (2019). Psikhologicheskie osobennosti razvitiya emotsional'nogo intellekta uchashchikhsya mnogoprofil'nogo kolledzha [Psychological features of the emotional intelligence development of students of the multidisciplinary kolledzha]. Education and science in the 21st century, No. 2. pp. 45–49.

Tikhomirov O.K. (2007). Psikhologiya myshleniya: uchebnoe posobie dlya studentov vuzov, obuchayushchikhsya po napravleniyu i spetsial'nostyam psikhologii [Psychology of thinking: a textbook for university students studying in the field and specialties of psychology]. O. K. Tikhomirov. — 3-e izd., ster. — Moskva: Akademiya. pp. 287.

Tolegenova A.A. (2009). Psikhofiziologicheskoe issledovanie emotsional'nogo intellekta. - Almaty: Kazakhskiy natsional'nyy universitet [Psychophysiological study of emotional intelligence. Almaty: Kazakh National University]. pp. 115.

Ushakov D. V. (2004). Sotsial'nyy intellekt kak vid intellekta. Sotsial'nyy intellekt: Teoriya, izmerenie, issledovaniya [Social intelligence as a type of intelligence. Social intelligence: theory, measurement, research]. Pod red. D.V. Lyusina, D.V. Ushakova. – M.: IPRAŃ. pp. 11–28.

Shadrikov V.D. (2002). Ot individua k individual'nosti: Vvedenie v psikhologiyu: sposobnosti cheloveka [From the Individual to the Individual: An Introduction to Psychology: human abilities]. - M: Logos. pp. 58.

Yusupova G.V. (2006). Sostav i izmerenie emotsional'noy kompetentnosti [Composition and measurement of emotional competence]. Kazan'. pp. 3–20.

Нургали Мадина

Магистрант

Южно-Казахстанский исследовательский университет им. М. Ауэзова, кафедра «Общей педагогики и психологии», Шымкент/Казахстан.

РАЗРАБОТКА МЕТОДИКИ ПЕРЕВОСПИТАНИЯ НА ОСНОВЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДИАГНОСТИКИ УРОВНЯ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА ТРУДНЫХ ПОДРОСТКОВ

Аннотация. В данной статье рассматриваются теоретические и практические аспекты разработки методики переориентации трудных подростков на основе педагогической диагностики уровня эмоционального интеллекта. К категории трудных подростков относятся несовершеннолетние с низким уровнем социальной адаптации, эмоциональной нестабильностью, склонностью к девиантному поведению, а также испытывающие трудности в коммуникации и саморегуляции. Традиционные методы воспитательной работы оказываются недостаточно эффективными при взаимодействии с данной категорией учащихся. В связи с этим предлагается использование новых педагогических подходов, ориентированных на формирование эмоционального интеллекта, как действенного средства коррекции поведения и ресоциализации. В ходе исследования определены структурные компоненты и диагностические показатели эмоционального интеллекта, проведён комплексный анализ эмоционального состояния трудных подростков. Актуальность темы обусловлена необходимостью раннего выявления эмоциональных и поведенческих нарушений у данной группы подростков. В рамках исследования представлены методологические основы диагностического процесса, направленного на оценку уровня эмоционального интеллекта и выявление ключевых проблемных зон в эмоциональной сфере. На основе результатов педагогической диагностики предложены методические рекомендации и практические указания по организации коррекционно-развивающей работы. Представленная методика направлена на развитие навыков эмоциональной саморегуляции, совершенствование коммуникативных способностей и повышение общего уровня личностного развития трудных подростков. Работа в данном направлении имеет важное значение для предупреждения девиантного поведения и обеспечения социальной адаптации в системе образования.

Ключевые слова: трудные подростки, девиантное поведение, эмоциональный интеллект, педагогическая диагностика, формирование эмоционального интеллекта, перевоспитание, коррекционно-развивающая работа.

Nurgali Madina

Master's student

M. Auezov South Kazakhstan Research University, Department of General Pedagogy and Psychology, Shymkent/Kazakhstan.

DEVELOPMENT OF A METHOD OF REEDUCATION BASED ON PEDAGOGICAL DIAGNOSTICS OF THE LEVEL OF EMOTIONAL INTELLIGENCE OF DIFFICULT ADOLESCENTS

Abstract. This article discusses the theoretical and practical aspects of developing a methodology for the reorientation of difficult adolescents based on pedagogical diagnostics of the level of emotional intelligence. The category of difficult adolescents includes minors with a low level of social adaptation, emotional instability, a tendency to deviant behavior, as well as those experiencing difficulties in communication and self-regulation. Traditional methods of educational work are not effective enough when interacting with this category of students. In this regard, it is proposed to use new pedagogical approaches focused on the formation of emotional intelligence as an effective means of correcting behavior and resocialization. The study identified the structural components and diagnostic indicators of emotional intelligence, conducted a comprehensive analysis of the emotional state of difficult adolescents. The relevance of the topic is due to the need for early detection of emotional and behavioral disorders in this group of adolescents. The research presents the methodological foundations of the diagnostic process aimed at assessing the level of emotional intelligence and identifying key problem areas in the emotional sphere. Based on the results of pedagogical diagnostics, methodological recommendations and practical guidelines for the organization of correctional and developmental work are proposed. The presented methodology is aimed at developing emotional self-regulation skills, improving communication abilities and increasing the overall level of personal development of difficult adolescents. Work in this area is important for preventing deviant behavior and ensuring social adaptation in the education system.

Keywords: difficult teenagers, deviant behavior, emotional intelligence, pedagogical diagnostics, formation of emotional intelligence, re-education, correctional and developmental work.